



Бекітемін
Мектеп директоры А.Қайырбаева
« 4 » 09 2020 жыл

Келісемін:
ТЖО С.Оразбаев
« 27 » 08 2020 жыл

Пед.кеңесте қаралды
Хаттама № 1
« 26 » 08 2020 жыл

**Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы
Толыбай жалпы орта білім беретін мектебінің
2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары.**

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Оразбаев С.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:

«Жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, ұлттық сана сезімін қалыптастыруға тәрбиелеу»

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұрапайын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
3. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
4. Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру;
5. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
6. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
7. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Күтілетін нәтижелер:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын;
- Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметті;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

2020-2021 оқу жылындағы мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты: Оқушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өзі танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және шығармашылыққа жетелеуіне оңтайлы жағдай жасау. Отанын, елін, жерін құрметтей білетін азамат тәрбиелеу.

Тәрбиенің міндеттері:

- Денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
 - Балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
 - Өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптасуы;
 - Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау;
 - Жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде оқушылардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жашы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын, әлеуметтенуін барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру;
- Қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру. әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және аға-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- Сынып жетекшілердің кәсіби шығармашылығын дамыту, бірлестік жұмысын күшейту, сынып ұжымын ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсету, талдау-диагностикалауға үйрету.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, казак халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Сынып жетекшілердің жарты жылдық ашық тәрбие сағаттары.

Бағыттар	Жана қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.	Рухани-танымдық тәрбие.	Ұлттық тәрбие.	Отбасылық тәрбие.	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.
Ай аттары								
Қыркүйек	Білімді ұрпақ – жарқын болашақ. 01.09.2020 1-11 кластар.							
Қазан			Атадан қалған ұлттық тәрбие. 26.10.2020 10 класс Ж.Сапаров				Алтын күз. 19.10.2020 1 класс. Н.Ермағанбетова	Темекі тартқаның, өзінді құртқаның. 26.10.2020 8 класс. Н.Қуанышов
Қараша		Адам досымен мықты. 02.11.2020 3 класс. Г.Ермұратова			Ауа – райы. 23.11.2020 4 класс Г.Нұрғалиева	Абай – ұлы тұлға. 16.11.2020 2 класс. А.Тұрлыбекова		Денсаулық – зор байлық. 30.11.2020 6 класс. А.Мыржакулова
Желтоқсан	Менің Қазақстаным. 21.12.2020 9 класс Д.Сәрсенбай	Махаббат – адам өмірінің негізі. 14.12.2020 М.Копбаева		Әке-асқар тау, Ана-етегіндегі бұлақ, Бала-жағасындағы құрақ. 14.12.2020 5 класс. Г.Тұрарова		Эстетикалық тәрбиенің мәнімен міндеттері. 21.12.2020 7 класс. А.Абдуайсова		

Толыбай ЖОББМ-нің ІІ-жарты жылдықтың ашық тәрбие сағаттары.

Бағыттар	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.	Рухани-танымдық тәрбие.	Ұлттық тәрбие.	Отбасылық тәрбие.	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.
Ай аттары				Көңілді старт. 25.01.2021 9 класс Сәрсенбай Д.			Кім жүйрік? 25.01.2021 2 класс Тұрлыбекова А.	
Қантар								
Ақпан		Абай айтқан бес ақыл. 15.02.2021 3 класс Ермуратова Г.			Еңбек бәрін жеңбек. 15.02.2021. 1 класс Ермаганбетова Н.	Өмір-сен маған қымбатсың. 22.02.2021 11 класс Копбаева М.		
Наурыз		Ата-ана алдындағы балалар парызы. 01.03.2021 7 класс Абдуайсова А.	Қош келдің Әз-Наурыз! 15.03.2021 5 класс Тұрарова Г.					
Сәуір	Ғарышкерлер күні. 12.04.2021 4 класс Нурғалиева Г							Сау бала – сау болашақ. 05.04.2021 6 класс Мыржақұлова А.
Мамыр			Ұлттық ойын. Аударспақ. 03.05.2021 10 класс Сапаров Ж.		Менің туған жерім. 17.05.2021 8 класс Сабыр Д.			